

Тарихи тақырыпқа түрен салған

Астана қаласындағы «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорықтың үйымдастыруымен, биыл тұганына 110 жыл толып отырган көрнекті жазушы, тарихи тақырыптарға түрен салған қаламгер Илияс Есенберлинди еске алуға арналған «Есенберлиннің романындағы тарихи мұра» атты дөңгелек үстел отті. Оған астаналық шығармашылық оқілдері мен елорданың №91 жалты білім беретін мектеп оқушылары қатысты.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Басқосудың тақырыбы айтып түрғандай атақты қаламгердің ұлт тарихы тақырыбында жазған ірі шығармалары «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» екені анық. Есенберлиннің тарихи тақырыпқа қалам тартқан қайраткерлігі туралы жазушы Әнуар Әлімжанов: «Илияс Есенберлинсіз қазақ әдебиетін елестету мүмкін емес. Оның романдарының бетіне мүқият үғілмейінше, ұлттың санғасырлық тарихына талдау жасау мен ой жүргірту де мүмкін емес», десе, академик-тарихшы Манаш Қозыбаев: «Ілекең – қарышты қаламгер. Ол тапжылмай іздеңді, жаһықтай енбек етті. Міне, соңдықтан да алаулап жүретінен қан тамызып, мәндай терін ағызып, халық қуантарлық тарихи туындылар жазды. Өзесімін халқымыздың мәңгілік өммestер кітабына хаттатты, аты мен затын болашақ үрпактарға жаттатты, сөйтіп ол біздің зияллылар әулетінің әулиесіне айналды» деген екен («Жан сырым». Есенберлин туралы естеліктер. Алматы, 2001).

Бұл реткі жиын барысында жоғарыда айтылған зор пайымдарды дамыта

сөйлеген «Бозоқ» музей-қорығының ғылыми қызметкери Жанболат Қазанбаев Есенберлиннің ұлт руханиятын дамытудағы ролі, шығармаларының қазақ әдебиеті мен қоғамдық тарихты бұқара санасына сіңірудегі әсері хақында әңгіме айтты. Сондай-ақ мәдени іс-шараның маңызын арттырған оқига – дөңгелек үстелге Ақмола облысы Атбасар қаласында орналасқан жазушы I. Есенберлин атындағы мемориалдық музей қызметкерлерінің қатысуы болды.

Көшпілікке қайраткер жазушының өмір жолы туралы баяндама жасаған Атбасардағы мемориалдық музей директоры Үлболовын Комбатурова: «Илияс Есенберлин Атбасар қаласында дүниеге келген. Біздің музей қорына тапсырылған құжаттық деректе жазушының екесі Есенберлі мен Жұғбай деген егіз адамдар болған. Ағайындылар 1895 жылы Атбасар қаласына үй салып орнықсан. Бұл үйдің қаңқасы әлі бар. Мекенжайы – «Есенберлин көшесі, 48». Жазушының жастық шағы осы үйде откел. Қаламгердің озінен үлкен апайы Назым Есенберлина және інісі Раунак үшеуі бір әкеден. Илиастың бес жасында әкесі, тоғыз жасында анасы



дүниеден өтеді. Сейтіп, болашақ жазушы Атбасардағы балалар үйін панарайдай. Кешікпей мұндағы балалар үйі жабылып, Есенберлин Қызылордадағы жетімдер үйіне ауысады. Осылай тар жол, тайнақ кешүде өмір сүрген жазушы есейе келе Алматыдан Тау-кен институтын бітіріп, соғысқа аттанады. Ленинградты қорғау майданында ауыр жарапанады. Әскери госпитальда алты ай жатып емделеді. 1943 жылы Алматыға оралып, болашақ жарын жолықтырады. Осылай қылы тағдыр, қылын күндерді бастан кешірген ол ерте

шындалып, тарихи санасы қалыптасып, үлкен жазушыға айналды», деді.

Дөңгелек үстелдің тағы бір маңызды бөлігі – мемориалдық музей қызметкерлері үйымдастырылған көрме. Онда «Көшпенділер» кітабында жазылған тарихи сюжеттердің молдығына таңданып раҳметтің айтқан Воронеж қаласы «Волгодонская» көшесі 18-үй, 12 пәтер тұрғыны Н. В. Фоминшің, Ташкент облысы Искандер кентінің тұрғыны П. П. Бутовтың, т. б. хаттары. Сонымен қатар атақты ақын Олжас Сүлейменовтің Ілекене арнап жазған

колтандасы, жазушыны республика деңгейінде үйымдастырылған түрлі мәдени-әдеби көшпілік іс-шараларға шақырған хаттар тұр. Сондай-ақ қаламгердің 1979 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған «Алтын Орда» роман-триологиясы мен журналдың 1981 жылғы санына басылған «Махабbat мейірамы» романы, қаламгердің портфели, т. б. мұралар қойылыпты. Бұл жәдіглерлерді 1999 жылы 24 желтоқсанда Атбасар қаласында музей ашылғанда қаламгердің арттындағы жалғыз тұғызы Қозықөрпеш Илиясұлы әкеліп тапсырыпты.